


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

REPUBLIC OF KAZAKHSTAN MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY FACULTY OF PHILOLOGY



АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ – 2024
“ТІЛТАНУДАҒЫ ТҰЛҒАЛАР”
академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық,
Шора Сарыбаевтың
100 жылдық мерейтойларына арналған
халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана қаласы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

REPUBLIC OF KAZAKHSTAN MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY
FACULTY OF PHILOLOGY

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ -2024

“ТІЛТАНУДАҒЫ ТҰЛҒАЛАР”

**академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың
100 жылдық мерейтойларына арналған
халықаралық ғылыми-теориялық конференция**

МАТЕРИАЛДАРЫ

Akhmet Baytursynuly Readings -2024

PROCEEDINGS

**of the international scientific and theoretical conference
dedicated to the 100th anniversary of Academicians Abduali Qaydar,
Rabiga Syzdyq and Shora Sarybayev**

Астана қаласы

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2
А 11

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
ғылыми кеңесі ұсынған.

Редакция алқасын басқарған: **Е.Б.Сыдықов**

Редакция алқасы: **А. Бейсенбай, С. Дүйсенғазы, Ж. Жақыпов, Қ. Бибеков,
Н. Аитова** (дәстүрлі “А. Байтұрсынұлы оқуларының” үйлестірушісі), **Қ. Саркенова,
С. Жанжігітов**

А. А. Байтұрсынұлы оқулары – 2024. “Тілтанудағы тұлғалар” академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың 100 жылдық мерейтойларына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2024. – 277 б.

Akhmet Baytursynuly Readings – 2024. Proceedings of the international scientific and theoretical conference dedicated to the 100th anniversary of Academicians Abduali Qaydar, Rabiga Syzdyq and Shora Sarybayev.

ISBN 978-601-385-038-2

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткізілетін дәстүрлі “Ахмет Байтұрсынұлы оқулары” халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы 2024 жылы “Тілтанудағы тұлғалар” тақырыбында академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың 100 жылдық мерейтойларына арналды. Мақалалардың мазмұны мен құрылымына авторлар жауапты, жинаққа енген материалдар авторлық редакцияда жарияланды.

ISBN 978-601-385-038-2

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2

© Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2024
© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2024

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
----------------	---

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

Құрманбайұлы Ш. Ғибрат мектебі.....	4
Ескеева М.Қ. Академик Әбдуәли Қайдардың ғылыми әлемі	7
Mustafa Öner. Tarihî Gramer ve Kazakça (Тарихи грамматика және қазақ тілі).....	10
Сағидолда Г. Академик Р.Сыздықдың ғылыми мұралары.....	15
Малбақов М.М. Ұлылардан қалған өнеге.....	19
İbrahimov E. Müstəqillik sonrası Türk Respublikalarında dil siyasətinin əsas istiqamətləri	21
Юсупова Ә.Ш. XIX ғасыр татар теленең икетелле сүзлекләре.....	23
Хусаинова Л.М. Становление башкирского литературного языка и письменности.....	30
Нажимов П.А. Әбдиүәлий Қайдар хәм түркий тиллериниң этнолингвистика илими	35

1-СЕКЦИЯ.

ҚАЗІРГІ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ДАМУ ҮРДІСІ ЖӘНЕ ТҮРКІТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Abbasova S. The Main Features of Sound Replacement in Modern Linguistics	38
Абеннова П.Ғ. Туризм дискурсындағы код ауыстыру.....	40
Аитова Н.Н. Академик Р.Сыздықтың «Сөз құдіреті» (корпустық анализ)	46
Балтабай Д.Ә. “Шежіре-и теракиме” еңбегінде кездесетін тілдік бірліктердің этимологиялық сипаты.....	60
Амирова А. Қазақ және ағылшын паремияларындағы «Отан» концептісінің семантикалық жіктелімі.....	64
Абилмажинова А. Мейрам-той атауларының зерттелуі (отандық, шетелдік ғалымдардың еңбектері бойынша).....	68
Asgarova K. Analysis of the Vocabulary of the Language by Word Fields	73
Ахмет А. Қазіргі қазақ тіліндегі будан терминдердің қалыптасуы мен дамуы.	74
Ахметова М., Рахмет Ү.Ү. Қар лексемасы: этномәдени талдау.....	79
Әбдуәлиұлы Б. А. Байтұрсынұлы қолданысындағы жалпыхалықтық лексиканың терминдену үдерісі.....	83
Бибекөв Қ. Р.Сыздық және Абай тіліндегі мәтін түзу мәселесінің зерттелуі	87
Бұқарбай М. Қазақ тіліндегі бас киім атауларының семантикалық сипаты	91
Данияр Ә.А. Материалдық емес мәдени мұраның тілдік көрінісі: субъект, объект, адресат («Бабырнама» еңбегі бойынша).....	94
Ермекбаева М.	
Мақал-мәтелдер лингвомәдениеттанудың зерттеу нысаны ретінде.....	98
Исмоилов Б.Х. Юсуф Саккокийнинг «Мифтоху-л улум» асарида фасл, васл, ийжоз ва итнобга оид ҳолатлар тафсилоти.....	103
Кабаева А.А. Олжас Сулейменов: тюркославистика и культурный код	107
Кемельбекова Э.	
Қазақ тіліндегі қолданбалы геометрия терминдерінің зерттелуі	111
Керимбаева К. Байлық-кедейлік бинарлық оппозициясы:	
Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мәдени-танымдық ерекшеліктері.....	117

Кыйсыкова А. Саяси дискурстағы терминдер мен ұғымдар	120
Куанышев А.С. Аспан әлемі: Әбдуәли Қайдаровтың тілдік және ғылыми жіктеуі.....	123
Молдабай Ф.Ж. «Ақиқат сыйы» дастанындағы синонимдер	126
Наушабекова Г.А. Академик Әбдуәли Қайдар тіл білімінің көрнекті өкілі, түркітанушы ғалым.....	129
Ниятова Ш.С., Тунгушбаева Ғ.Ж. Тіл білімінде тілдік тұлғаның зерттелуі.....	131
Тәттібаева А.Е. Дискурстың құрылымы мен типологиясы.....	136
Темірхан А. Метафораның тілдегі орны мен мәні.....	140
Тоқтасынова Д.Ғ. «Қорқыт ата кітабындағы» қарым-қатынас етістіктері: «Дирсеханұлы Бұқаш туралы жыр».....	141
Sharibzhanova G., Moldabaeva K. Dual function of the affixes -dai (-dey); -sy, (-ci)	149
Сергазина Ж.Ж., Толепбергенова Ф. Дискурс: Актуальные направления и перспективы исследований.....	153

2-СЕКЦИЯ.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ, СТИЛИСТИКА ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Абдуова Б. Рәбиға Сыздық – тіл мәдениетінің саңлағы.....	157
Абдиров Ө.Қ. Қазақ тіліндегі гендерлік антипаремиялар: instagram контентінің ерекшелігі	161
Аканова А.И. Мифологиялық демонимдер.....	166
Allamuratova Z. M. Qaraqalpaq ádebiyatı ham tuwısqan xalıqlar ádebiyatında tariyxıy prozanıń ornı	169
Демесинова А.А. «Ер Төстік» ертегісінің қазіргі қазақ фэнтезиіне әсері	172
Жанболат Ә.Ж. Батырлар жырының бастауы мен зерттелу тарихы	175
Жүнісқали Ә.Қ. Қазақ қиял-ғажайып ертегілеріндегі этномәдени коннотация («Шора батыр» ертегісі бойынша).....	178
Койчуманова Г.К., Максүтова Г.А. Кыргыз поэзиясындағы улуттук идеология жана инсан дүйнөсү	183
Пирниязова А.Қ. Көркем шығарма тилин үйрениуден лингвопоэтикаға қарай.....	189
Тұрысбек Р.С. Абай мұрасы Р.Сыздық еңбектерінде	192
Raximboyeva X.G. Developing dependency parcing datasets for Uzbek: Challenges and achievements.....	198
Сағиданова Г.А. “Барак батыр” жырындағы синтаксистік қайталамалар	200
Серік М.А. Қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту.....	203

3-СЕКЦИЯ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Баймуханбетова М.Б. Т.Шонанұлының тіл үйрету мәселесі.....	208
Дүсіпбаева Қ.С. Креативті коммуникациядағы нейролингвистиканың рөлі.....	211
Аренова Ж.С. Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық мұралары және оның тәлімдік мүмкіндіктері	214
Ергешбай Н.Б. Ұлттық құндылықтарды оқытудың маңызы.....	217
Еркін А. Ұлттық құндылықтар мәселесін әдебиет сабағында оқытудың негізін қалаушылар	221

Жайлауова Г.Ү., Аубакирова Н.Ү. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің негізін салушы.....	227
Жанжигитов С.Ж., Мәмиева Б. Language competence: content and structure	232
Капшаева Г.А. А.Байтұрсынұлы әдістерін коммуникативті дағдыларды дамытуда қолдану	239
Курманова А.К. Қазақ тілін оқытудың қатысымдық технологиясы	241
Куркебаев К.К., Стамкулова Ж.Е. Қашықтан оқытудағы қазақ тілі сабақтарының құрылымы мен ұйымдастыру әдістемесі	246
Усенова Ш.Н. Анализ текстов в СМИ, связанных с пандемией.....	251
Қасымқұл Ф. Мектеп оқулықтарындағы мәтіндердің тақырыптық типтері	253
Қуанышбаева Н.А. Қазақ тілін оқытуда дамыта оқыту технологиясын тиімді пайдалану	258
Саткенова Ж., Серікқызы Ж. Сандық коммуникациядағы қазақ тілі	262
Сырбаева С. Қазақ тілі мен әдебиеті – ұлттық руханият пен мәдениеттің дінгегі.....	265
Шоқабаева С.С. Алаш зиялыларының әдістеме бойынша еңбектері	268
Fatima Hajizada Elshan. Linguistic Distinctions Between American and British English.....	271

намечены О. Сулейменовым перспективы дальнейших научных исследований – «Тюрки в Шумере», «Тюрки в Древнем Египте», «Тюрки в Этрурии», «Тюрки в Древней Индии», «Тюрки в Древнем Китае». Поэт убежден, что Слово следует читать вдумчиво и придавать ему особое значение как основному свидетельству доисторического прошлого. Таким образом, поиски связей между мировыми языками, алфавитами будут продолжены.

Заключение и выводы

Знать себя и свое прошлое призывает О. Сулейменов, стремясь проникнуть в тайны веков, выстраивая с учетом современных достижений лингвистики, палеографии, археологии, истории, герменевтики, философии, сравнительного языкознания и литературоведения, теории дискурса, доказательно и убедительно гипотезы о праязыке и находя подтверждение тому, что шумерская письменность имела в своей основе тюркские знаки. О. Сулейменов – поэт, глубоко национальный. Его принадлежность к родной казахской литературе подтверждают, по мнению С. Ананьевой, «ментальность, национальные образы, мир кочевья и современность» [8, с.446].

Безусловно, новые лингвистические открытия О. Сулейменова вызовут устойчивый интерес к его творчеству в разных странах мира. Диалог цивилизаций в XXI веке направлен на сохранение языков и культур.

Литература

1. Калижанов У. Жизнь в стихии слова // Казахстанская правда. 13 мая 2016 года. – С.4.
2. Бадиков В.В. Русскоязычные писатели Казахстана // Литература народа Казахстана. Изд. второе, дополненное. – Алматы: Казакпарат, 2014. – С.318-365.
3. Каффи Н. Идентичность и гибридность в поэме Олжаса Сулейменова «Земля, поклонись человеку!» // Мир Олжаса Сулейменова. – Караганда, 2015. – С.84-91.
4. Робель Л. Минута молчания на краю света // Мир Олжаса Сулейменова. – Караганда, 2015. – С.100.
5. Олжас Сулейменов. Аз и Я. – Алматы, 2011. – 364 с.
6. Кошут Л. Возвысить степь, не унижая горы // Мир Олжаса Сулейменова. – Караганда, 2015. – С.6-16.
7. Сулейменов О. Код Слова. Введение в Универсальный этимологический словарь «1001 слово». – Алматы, 2013. – 88 с.
8. Ананьева С.В. Казахская русскоязычная литература // Современная литература народа Казахстана. – Алматы: Evo Press, 2014. – С.445-482.

Э. А. Кемельбекова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Қазақстан, Астана,

E-mail: e.kemelbekova@mail.ru

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ҚОЛДАНБАЛЫ ГЕОМЕТРИЯ ТЕРМИНДЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Аннотация. Стаття посвящена рассмотрению истории развития терминов прикладной геометрии в казахском языке, текущих проблем и перспективных задач в этом направлении. При этом анализируются научные выводы ученых и методы создания терминов.

Ключевые слова: прикладная геометрия, термин, международные термины, заимствованные термины

Abstract. The article is devoted to the consideration of the history of the development of terms of applied geometry in the Kazakh language, current problems and promising tasks in this direction. At the same time, scientific conclusions of scientists and methods of creating terms are analyzed.

Keywords: applied geometry, term, international terms, borrowed terms.

Тәуелсіздікке қол жетіп, дамудың жаңа жолына түскен әрбір халық ұлттық сана-сезімін, бітім-болмысын ана тілінде сезінеді. Әлемдік тәжірибеде қандай да бір тілдің қоғамда қызмет етуі, әсіресе осы заманғы ғылыми-техникалық прогресс пен саяси өмірді қамтамасыз етуге жарамды болуы, оның өзіндік терминологиясының қалыптасуына байланысты болады. Ғылымның белгілі бір саласын меңгеру үшін алдымен сол салаға тән терминдер жасалады. Термин белгілі ғылым саласының ұғымдар жүйесінен туындайды.

Қазақ ғылыми тілін және ғылыми терминологиясын дамыту мақсатында салалық терминдердің ұлттық үлгісін жетілдірудің, жүйелеудің тілтанымдық негіздерін жасау өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Қолданбалы геометрия – кеңістіктік формалар мен олардың қасиеттерін зерттейтін ғылым саласы, ол инженерлік және техникалық мамандықтарда маңызды орын алады. Бұл ғылым саласындағы терминдер жүйесін дұрыс қалыптастыру мен қолдану – ғылымның қазақ тіліндегі дамуы үшін маңызды міндет.

Қазақ тіл білімінде терминология саласының ғылыми мәселелері А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, Ж.Аймауытұлы, Х.Досмұхамедұлы, Қ.Кемеңгерұлы, С.Жиенбаев, Н.Сауранбаев, С.Аманжолов, М.Балақаев, С.Талжанов, Ә.Сатыбалдиев, Ә.Қайдаров, С.Исаев, Ш.Сарыбаев, Б.Қалиев, Ә.Айтбайұлы, Ш.Құрманбайұлы және т.б. ғалымдардың зерттеулерінде қарастырылған. Оның ішінде, ғалымдардың қолданбалы геометрия саласына қосқан үлесі зор болған Қ.Жұбанов, М.Дулатұлы, Н.Қаратышқанов, К.Жәленұлы, С.Қожанұлы, Е.Омарұлы еңбектері ерекше атауға болады. Қазақ терминологиясы ғылымының тұтас тарихы, терминдік жүйе мен терминжасамның теориялық мәселелері академик Ә.Айтбайұлының ғылыми еңбектерінде жасалған. Ал терминологиялық лексиканы зерттеп, оның теориялық мәнін, мазмұнын анықтауда Б.Қалиевтің («Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары», 1988), Ш.Құрманбайұлының («Қазақ тілі лексикасының терминденуі», 1999) монографиялық зерттеулерін, А.Исанова, С.Әлісжанов, Ш.Білалов, С.Исақова, Г.Ақшалава, А.Қоңырова, Ж.Молдажаров және т.б. салалық терминологияға қатысты ғылыми еңбектерін атауға болады.

Терминология саласында еңбек еткен ғалымдардың барлығы «терминология» және «термин» ұғымдарына өз анықтамаларын ұсынған. Термин ұғымға берілген ғылым аясындағы анықтамалары төменде қарастырамыз.

Термин-сөз – бұл әрқашан кәсіби ойлау мен арнайы-кәсіби тілдесудің нәтижесі және құралы» [1, 3];

«Термин – белгілі бір арнаулы салаға тән сөз» [2, 143];

«Термин – белгілі бір ғылым мен техника саласындағы нақтылы ұғымды білдіретін атау сөздер мен тіркестері» [3, 153];

«Термин – ғылымның арнайы саласындағы ұғымды білдіретін арнайы сөз немесе сөз тіркесі» [4, 299];

«Термин – ғылыми ұғымға айқын анықтама беретін, оның мағыналық шегін дәл көрсететін сөздер» [5, 325];

Жоғарыда келтірілген «термин» ұғымына анықтамалардың негізінде берілген анықтамалар әртүрлі екендігін байқаймыз. Дегенмен, барлық анықтамаларға сүйене келе терминге келесі анықтама беруге болады. Термин (латын тілінен *terminus* – «шек», «шеті», «шекарасы» деген мағынада – ғылыми ұғымға айқын анықтама беретін, оның мағыналық шегін дәл көрсететін сөздер. Әдетте тілдегі қандай сөз болсын көп мағыналы болып келеді де, оның мағыналық шегі айқын болмай, жылжымалы болады. Ал ғылыми ой-пікірді дәл білдіру үшін сөздің мағынасы тұрақты, айқын болу қажет. Сондықтан сөздің мағыналық шегін дәл белгілеп, сөзді сол нақтылы бір мағынада ғана алып қолдану арқылы жасалады.

Ғалым Ш. Құрманбайұлы «Терминтанушы құралы» атты еңбегінде терминнің түрлерін байырғы, жаңа, көне, ескірген, тарихи, кірме, калька, гибрид, диалект, базалық, негізгі, бастапқы, өзіндік, қатыстырылған, ядролық, шеткері, әмбебап, бірегей, көп мағыналы, уәжді термин және латын негізді деп бөліп қарастырған. Ш. Құрманбайұлының осы еңбегі бойынша терминге қойылатын талаптар келесідей:

- Терминнің бірмағыналылығы;
- Терминнің қысқалығы немесе ықшамдылығы;
- Терминнің тілдегі сөзжасам заңдылықтарына сәйкес келуі;
- Тілдік нормаға сәйкес келуі;
- Терминнің туынды сөз жасауға қолайлы болуы;
- Терминде эмоцияналдылық пен экспрессиялықтың болмауы;
- Эстетикалық талаптарға сай келуі;

- Терминнің үндесімділігі;
- Терминнің қолданысқа енгізілгендігі;
- Синонимдердің болмауы;
- Инварианттылық;
- Терминнің уәжділігі [6].

Осы тақырыптың аясында қолданбалы геометрия терминдерін зерттеле келе оны даму үдерісінен бастауды жөн көрдік. Қолданбалы геометрия терминдерінің қазақ тілінде қалыптасуы мен ену кезеңдерін белгілейтін болсақ, оны үш кезеңнен тұрады.

- 1) Орта ғасырдан бастап XVIII ғасырға дейін;
- 2) XVIII ғ.-XX ғ. 20-30 жылдарына дейін;
- 3) XX ғ. 20-30 жылдарынан бүгінге дейін.

1. Орта ғасырдан бастап XVIII ғасырға дейін.

Қолданбалы (сызба) геометрияның ғылым ретінде дамуы мен қалыптасуы француз ғалымы Гаспар Монж атымен байланыстырады. Себебі француз ғалымы әрі инженері Г.Монж (1746-1818) сызба (қолданбалы) геометрия ғылымының негізін қалаушы болып саналады. Г.Монж сызба геометриясын «техника тілі» деп атап кеткен. Алайда, қолданбалы геометрияның негізін қалаушы француз ғалымы болса да, қолданбалы геометрия өте ерте заманда пайда болған математика ғылымының бір саласы болып саналады. Оның пайда болуына жер өлшеу және құрылыс саласындағы геометриялық білімнің дамуы мен жетілдірілуі себеп болды, кейінірек бұл білімдер адам қызыметінің басқа салаларында да қолданыла бастады. Осы тұрғыдан геометрия сөзі – ертедегі гректердің «geo» - жер және «metreo» - өлшеу деген сөздерінен қалыптасқан термин. Фигура мен сан ұғымдары математикадағы ең алғашқы басты ұғымдар болды.

Орта Азия ғалымдарының еңбектері орта ғасырлық математика ғылымына, геометрия саласына орта ғасырлық және жаңа еуропалық математиканың дамуына негіз болды. Ғаламға есімдері әйгілі әл-Фараби, Ибн Сина, Ұлықбек, әл-Хорезми, Омар Хаям – түркі даласынан шыққан, еңбектерін араб тілінде жазып қалдырған даналар. Бұл саланың дамуына ортағасырлық Орта Азия ғалымдардың еңбектері мен зерттеуі әлемдік мәдениеттің өркендеуіне үлкен үлес қосқанын ерекше атап кеткенді жөн деп санаймыз. Себебі қолданбалы геометрия саласындағы жетістіктер өткендегі егжей-тегжейлі зерттеулерге негізделеді. Мысалы, Әл-Хорезмидің арқасында еуропалық және әлемдік ғылыми ойшылдар «алгоритм» ұғымымен танысты. Бұл ұғым сонымен қатар информатика және ақпараттық технологиялар саласы үшін де маңызды негіздердің бірі болып табылады. Әл-Хорезми қолданған «хорда» (ватар) және «жебе» (сахм) терминдері, бұл жерде берілген доғасы бар сегменттің биіктігі түсініледі, ол да үнділерден алынған. Кейінірек бұл сөздер *arcus*, *chorda* (грек *chorde* - «жіп» сөзінен шыққан) және *sagitta* сөздерімен латын тіліне аударылды. Омар Хаям – «бином формуласын» алғаш енгізген ғалым, Ахмед Марвази – «тангенс», «катангенстерді» ұғымдарын енгізуші, т.б. Келесі ұлы ғұлама Әбу Насыр әл-Фарабидің еңбектеріне назар аударсақ, әлемнің көптеген зерттеушілері үлкен қызығушылық танытуда, себебі оның еңбектерінен ғалымдар бүгінгі күннің кейбір мәселелерінің шешімін табады. Мысалы, белгілі «алтын қима» (1,6180339887 немесе 0,6180339887) Фибоначчи саны деп аталады. Академик Ақжан Машанов (әл-Машани) бұл қатынасты әл-Фараби «әулие қатынасы» («құдайлық қатынасы») деп атағанын дәлелдеген.

Әл-Фараби еңбектерінде негізгі геометриялық терминдерге анықтамалар берілетіні де үлкен қызығушылық тудырады. Ұлы ғұлама Әбу Насыр әл-Фараби қолданбалы геометрияны математиканың ең басты саласы және басқа ғылымдардың негізі деп санаған және өз еңбектерінде геометрия ілімін «*илм ал-хандаса*» деп атаған. Әл-Фараби еңбектерінде негізгі геометриялық терминдерге анықтамалар берілетіні де үлкен қызығушылық тудырады. Мысалы, «Ғылымдар тізбегі» (Ихса әл- улум) атты математикалық бөлімде келесі терминдерге анықтамалар берілген: **математика ғылымы** - «*илма т- та'лим*». «*Та'лим*» сөзі тура мағынасында «білім», грек тіліндегі *mathema* терминнің аудармасы, одан біздің математика

атауымыз шыққан. **Практикалық сандар ғылымы** – «*улм ал - 'адад ал-'амали*», «**Өзара өлшенетін сандар**» - *муташирика*, тура мағынасында – «ортақ» (бөлгішке ие).

2. XVIII ғ.-XX ғ. 20-30 жылдарына дейін

Еуропа тілінен енген ағылшын, грек, латын және тағы басқа көптеген халықаралық кірме терминдердің тілімізде пайда болуы орыс тілімен байланысты. Орыс тілінің тарихын зерттеуші ғалымдар қазіргі заманда қолданылып жүрген ғылыми терминдерді қалыптастырудың жаңа кезеңі XVIII ғасырдың орта шенінен басталғанын айтып, бұл процесті М.Л.Ломоносов есімімен байланыстырады. Ресейдегі Петр I дәуірі – XVII ғасыр мен XVIII ғасырдың бірінші ширегі орыс тілінің ғылыми-техникалық терминдермен баюымен ерекшеленеді. XVII ғасырдың соңы – XVIII ғасыр орыс мәдениеті мен ғылымына көптеген шет тілдік терминдердің кірігуіне тығыз қарым-қатынастың арқасында ықпалын тигізді. Орыс тілі арқылы бұл ғылым терминдерінің Азия халықтары, оның ішінде қазақ тіліне ену кезеңі басталды. Қазақ жерінің халқы да өз халқының мәдениеті мен ғылымына, танымына осы кірме сөздерді қабылдай бастады. Осы екі-үш ғасырлық кезеңнен үлкен екпінмен басталған бұл үдеріс қазіргі кезде өз жалғасын табуда. Мысалы, аксиомы геометрии, аргумент, асимптота, вектор, конгруэнтность, т.б. терминдер қазақ ғылыми тіліне сол орысша қалпында енген [7,64].

3. XX ғ. 20-30 жылдарынан бүгінге дейін.

Халықаралық, кірме терминдерді тілімізге қабылдау, қолдану жөніндегі алғашқы қадамдар А.Байтұрсынұлы кезеңінен бастау алады. Бұл кезең – қазақ тілінің оқу ісіне батыл араласу кезеңі. Ол кезең ғасырдың басынан 30-шы жылдарға дейінгі мерзімді қамтиды. Бұл кезең – ұлттық зиялылардың қалыптаса бастаған кезеңі еді. Қоғамдық құрылысқа деген көзқарас та өзгеріп саяси сипат алған заманға айналып, оқу-ағарту ісін жолға қою мәселесі алғашқы орында тұрды. Ол – Ахмет Байтұрсынұлының тағылымы болатын. Математикадан және геометриядан да бірнеше оқулықтар осы кезеңде жарық көрді. Бұл іске негізгі мамандығы математика болмаса да, Міржақып Дулатұлы, Кәрім Жәленов, Сұлтанбек Қожанов, Е.Омарұлы т.б. сынды қазақтың ардагер азаматтары араласты. Бұл еңбектерде қолданбалы геометрия ілімінің де негізгі атауларының қазақша баламалары дүниеге келді. Ұғым атаулары қазақша орнықтырылып, математиканың қазақша сөйлеу дәстүрі қалыптаса бастады. Жалпы, кітап авторлары қазақ тілін ғылымға енгізудің бірден-бір жолы – атауларды қазақша сөйлету екендігін терең түсінген. Оған ұлттық топырағымызда негіз болды, әрине. **Ахмет Байтұрсынұлының** мысалы, «Әдебиет танытқыштағы» ұғым атаулары, олардың жасалуы, ұғым мен атаулардың соншалықты жақындығы, яғни атаудың дәлдігі, қысқа да, нұскалығы тәнті етеді. *Аңдату, тірнек, әуезе, әліптеу, байымдау, көріктеу, меңзеу, ауыстыру, бейнелеу, алмастыру, кейіптеу, бернелеу, әсірелеу, мегзеу, әсерлеу (лептеу), т.с.с. ұғым атаулары жалпы қазақы әдебиетке іргетас болатын атаулар.*

К.Жәленовтың «Есеп тану. 2-бөлім», **С.Қожановтың** «Есеп тану. 1-бөлім» оқулық кітаптарында геометрия атаулары түгелдей дерлік қазақша баламасын тапқан. Мысалы, *счет – санақ, отвлеченное число – жалаң сан, однозначное число – бірбелгілі сан, частная сумма – сыбаға қосынды, сочетательное свойство – құралғыштық, разность – айырым, дробь – бөлік, мера – өлшеуіш, период – дүркін т.с.с.*

Елдес Омарұлының «Пішіндеме. 2-кітап» атты оқулықта орта мектепте оқытылатын геометрия пәнінің мәліметтері толық қамтылған. Оның ерекшелігі – төл оқулық және ұлттық тілімізді ғылымға енгізудің жасампаз үлгісі болып табылатындығында. Мысалы, математикадағы біздің түсінігімізде аударуға болмайтын атаулар: *хорда, биссектриса, диаметр, радиус, параллелограмм, трапеция т.с.с.* «Пішіндемеде» өзінің баламасын дәл тапқан: *керме, жарма, өре, өріс, қиықша, қостабан, т.с.с.* Бұл да болса Ахмет Байтұрсынұлының тағылымы деп білеміз. Е.Омарұлы оқулығында басқа да көптеген геометриялық атаулар қазақ тілінде өзінің дәл баламасын тапқан. Алайда, сол оқулықтарға енгізілген көптеген қазақы атаулар орынсыз деп танылып, бастапқы қалпына келтірілді. Мысалы, Елдес Омарұлының «Пішіндеме» кітабында *құлаш* деген ұзындық өлшемін қазіргі кезде пайдаланып жүрген оқулықтардың ешқайсысынан кездестірмейміз.

Дәлірек аитар болсақ, геометрия ілімінің қазақша қалыптасуының келесі кезеңіне 30-60 жылдар аралығын талдауға болады. Бұл кезеңді «жаппай орыстану» кезеңі деп айтсақ қателеспейміз. Қазақ тілінде жасалған ғылым атаулары біртіндеп орыс тіліндегі нұсқаға ауыстырылып, ұлттық ғылым тілі орыстануға бет алды. Бұл аралықта алғашқы жасалынған қазақы математикалық, геометриялық атауларға деген көзқарас біртіндеп өзгеріп, біразы жарамсыз саналып, оқулықтардан шығып қалады, талдаулар жүргізіліп, кейбір қазақ атаулары жат тілдік немесе халықаралық түпнұсқаға ауыстырылады [8,2]. Бұл кезеңде ұлт тілінде жазылған геометрия оқулықтары бар. **Әлімхан Ермековтың** «Аналитикалық геометрия» атты кітабын жатқызуға болады. Ғалым өзіне дейінгі жасалынған геометриялық атаулардың қазақша баламаларына біршама сұрыптаулар жүргізіліп, біразын қабылдамаса да, оқулықтағы қазақы атаулардың деңгейі қазір пайдаланып жүрген атаулардан әлдеқайда ауқымды. Мысалы, кітапта бұрын қазақша баламалары табылған *теорема, функция, радиус, геометрия*, т.б. сияқты атаулардың ол баламалары келімсіз деп табылып, орыс тіліндегі нұсқасына ауыстырылғандығы байқалады. Қазіргі кездегі айтылып жүрген «халықаралық атаулар» деген ұғым және оларды сол күйінде қабылдау үрдісі **Әлімхан Ермековтан** бастау алады десек қателескен боламыз. **О.А.Жәутіковтің** «Математикалық анализ курсы» атты оқулығы математиканың осы саласындағы қазақ тілінде жазылған алғашқы еңбек болғандықтан, геометриялық атаулардың жаңа баламаларын дүниеге әкелді. *Үздіксіздік, жинақтылық, шексіздік, шектеусіз, тізбек, шама, жиын, туынды, түрлендіру, өрнек, жіктеу, үзіліс*, т.с.с. қазақы сөздер математикалық атау ретінде біржола қалыптасты. Бірақ бұл сөздер түгелімен орыс тіліндегі атаулардың аудармасы ғана еді.

Қазақ тіліне араб тілінен басқа латын, грек, неміс, француз, ағылшын, итальян тілдерінен енген терминдердің қолданбалы геометрия саласындағы үлесін және шығу төркінін келтірілген кестелерден байқауға болады.

1- кесте Қолданбалы геометрия саласындағы кірме терминдерінің сандық көрсеткіштері

терминдер	саны	%
Латын тілі <i>аппликата, абсцисса, градус, вектор, катет, проекция, медиана, ордината, радиус, фигура, цилиндр, координата</i>	72	28
Грек тілі <i>аксонометрия, асимптота, асимметрия, геометрия, диаметр, диагональ, ортогональ, периметр, призма, трапеция</i>	52	20
Неміс тілі <i>вентиль, масштаб, плакат, рейсшина, шрифт, рейсфедер, штангенциркуль, шайба, штрих</i>	37	15
Француз тілінен <i>габарит, калька, модель, макет, метр, овал, перспектива, фаска, эпюр, эскиз, тушь</i>	50	20
Итальян тілі <i>трафарет, штамп</i>	22	10
Араб және парсы тілі <i>алгоритм, цифр, атлас, карта</i>	19	8
Жалпы саны	252	100

Жоғарыдағы кестелерден қазақ тіліне енген қолданбалы геометрияға қатысты шеттілдік терминдердің көпшілігінің өзгеріссіз алынғанын байқаймыз. Сондай-ақ геометриялық кірме терминдер орыс тілі арқылы қабылданып, орыс тілінің айтылу нормасына бейімделіп алынған. Өйткені олар «ұғымдардың бастапқы атауларын» білдіреді. Сонымен қатар интеграциялану мен жаһандану үдерісіне байланысты кірме сөздер қазақ тіліне еуропа тілдерінен көптеп еніп, дәлірек айтсақ, олардың негізін латын, грек, француз, ағылшын тілдерінің сөздері құрап, эталон терминдер ретінде танылып, сол күйінде қолдануға қалыптасқаны да байқалады.

Қолданбалы геометрия кірме терминдері келесі тақырыптық топтарға бөлінеді:

Пішін атаулары (геометриялық денелердің проекциялары): *призма, сфера, трапеция, гексаэдр, тетраэдр, конус, цилиндр, параллелограмм, ромб, пирамида, шар, т.б.*

Сызу аспаптары мен жабдықтары: транспортир, циркуль, штангенциркуль, қарындаш, ватман, рейсшина, рейсфедер, тушь, калька, т.б.

Сызба өлшемдері: диаметр, радиус, биссектриса, центр, периметр, медиана, т.б.

Өлшем: градус, масштаб, параметр, т.б.

Геометрия элементтерінің орналасуы: параллель, вертикаль, горизонталь, проекция, координата, ось, перпендикуляр, фронталь, т.б.

Процестік ұғымды білдіретін терминдер: проекция, транспозиция, конфигурация, аппроксимация, модельдеу т.б.

Кірме күрделі терминдер құрылымына қарай екі топқа жіктеп қарастырылды:

1. Екі компоненті өзге тілден енген терминдер: ортогональ проекция, гиперболалық параболоид, геометрия, додекаэдр, логарифм, параллелограмм, планиметрия, стереометрия, топология т.б.

2. Бір компонентті кірме сөзден екіншісі төл сөзден тұратын терминдер: гипербет (гиперповерхность), тік цилиндр (цилиндр прямой), өстік қима (осевое сечение), конустық бет т.б. Тағы бір мән беретін жайт: кірме терминдердің қазақ тіліндегі нұсқасы мен шет тіліндегі нұсқасының қатар қолданылуы (дублет терминдер). Мысалы, анализ – саралау, (анализ), диск – делегей, (диск); контур – нұсқа, пішін, (контур); эскиз – нобай, (эскиз); габарит – шегі, (габарит); штрих – сызықша, (штрих), т.б.

Қорыта келгенде, талдау барысында көріп отырғанымыздай, қолданбалы геометрия саласы терминдерінің басым көпшілігін орыс тілі арқылы қабылданған грек, латын, ағылшын, неміс, француз, т.б. тілдерден енген сөздер құрайды. Ал қалған бөлігін араб, парсы және орыс тілі сөздері толықтырады. Ғылыми құбылыстар, әдетте, латын және грек сөздерімен белгіленіп, олар көп жағдайда терминдер ретінде қалыптасады. Орта Азия, араб оқымыстылары сол терминдерді ойлап тауып, ол терминдер кейін латын тіліне аударылды. Сол себепті қолданбалы геометрия терминдерінің басым бөлігін кірме терминдер деп түсінеміз. Ғылым мен техниканың дамуына байланысты басқа тілдерден термин қабылдау қажет-ақ, дегенмен сол терминдерді ана тілінің заңдылықтарына лайықтап, мүмкіндігінше баламасын табу және қолдану – бүгінгі күннің басты мәселесі.

Қолданбалы геометрия терминдерін зерттеу қазақ тілінің ғылым саласында қолданылу көкжиегін кеңейтуге үлкен үлес қосады. Терминдерді жүйелеу мен дамытуда ұлттық ерекшеліктерді сақтау, сонымен қатар халықаралық стандарттарға сай бейімдеу болашақ зерттеулердің маңызды бағыты болуы керек.

Әдебиеттер

1. Журавлева Т.А. Особенности терминологической номинации: Монография. – Москва, 1995. – 85 с.
2. Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасының терминдену үрдісі: филол. ғ. д. ... дис. – Алматы, 1998. – 250 б.
3. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 14-том. – Т – Ұ. / Құраст.: М. Малбақов, Қ. Есенова, Б. Хинаят және т.б. – Алматы, 2011. – 800 б.
4. Салқынбай А., Абақан Е. Тіл әлемі: лингвистикалық терминдердің анықтамалық сөздігі. / Толықт. 2-бас. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 408 б.
5. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі / Құрастырушылар: З. Ахметов, Т. Шаңбаев. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.
6. Құрманбайұлы Ш. Терминтанушы құралы. Сөздік-оқулық. – Астана: Ер-Дәулет, 2007. – 208 б.
7. Жиекбаева А.Б. (2014) Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің терминденуі. – Алматы: Казахский национальный университет им. аль-Фараби, – 168 б.
8. Елубаев С. (1982) «Математикалық тілдің қалыптасуы». «Қазақстан мектебі» журналы., №2.